## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Құралай» балабақшасы
Топ: кіші жас тобы
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні Турукпаева Кульмира

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына қоюын | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | алып тастау әрекетіне көңіл аудару; сұқұйғышпен суаруды көрсету. | ағымының астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету. | көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. **Әбен Дүйсенов "Көжек".** Қоянның көжегі | **"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Ақ аю" тақпағын мәнерлеп оқу. Ақ аю ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: ақ аю ойыншығы немесе оның суреті. **Жүсіп Қыдыров "Ақ** | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу).** Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағаздан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, | **"Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: көжек ойыншығы немесе оның суреті. **Әбен Дүйсенов** | **Сурет бойынша әңгімелеу.** Мақсат-міндеттері. Қоянның суретіне қарау, дене бітімін зерттеу жаттығуы. Балаларды суретті сүйемелдеу сөздер және көзбен қарап қабылдау арқылы қоян туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. Қоянның арманы мықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыбдырды сезеді.<br>Өскен соң ол дағы<br>Көп жерді кезеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **аю".**<br>Жонынан күн өтсе де,<br>Терлеп ағып кетсе де,<br>Тонын әсте шешпейді.<br>Бүйте берсе ақ аю,<br>Күнге күйіп қарайып<br>Кетсе егер не істейді?!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)**<br>***С. Сәрсенов "Кірпі".***<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстауға болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Көжек".**<br><br>Қоянның көжегі<br><br>Сыбдырды сезеді.<br><br>Өскен соң ол дағы<br><br>Көп жерді кезеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Орманнан ытқып шықты.<br>Үйіне қайтайын десе,<br>Адасып, жолды ұмытты.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>2-1 жерге отыру, допты жерге қою. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 2-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3-1 еңкею, допты жерге қою.<br>3-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3-3 еңкею, допты жерге қою.<br>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақтанғанда, сусын ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>**Көркемсөз.**<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған жақындап барып, дұрыс отыру керектігін ескертеді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар тау мен тасты мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне қарайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты жоғарыға лақтырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары | **Музыка.**<br>"Торғайсың, тынбайсың!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай алуға тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Аюмен жарысайық!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды екі жолдың арасымен | **Дене шынықтыру**<br>"Көпірден құлап кетпейік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Кірпі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды "инелерді" кірпінің үстіне белгілі қимылдармен салуды үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын арқылы сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br>**"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты басынан асырып лақтыруды үйрету. | "Торғайдың тамағы" музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың арасынан торғайдың жейтін жемін анықтауды үйрету. Еске сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту. (дене шынықтыру, музыка) | жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. | кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні туралы түсінік беру.<br>**"Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге арналған жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жердегі заттарды еңкейіп жинауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br>**Д. Ахметова "Құстар, құстар, келіңдер".**<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек | Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын балаларға көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табанымы кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. | Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар!Бізге қоян келді.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян | Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br>- Қараңдаршы, балалар, бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма?<br>- Жапырақтар қайда?<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>М. Әлімбаев "Жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді. | Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: | Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" | құлықтарымен былай қимылдатады.<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Ол сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды** | - Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады?<br>- Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сигналмен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды жайып жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". Қазым, қазым, | орнын белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды. - Тышқандар жүгіріп ойнай ма? Көрсетейікші. Тамаша! - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келсе, тышқандар індеріне тығылып қалады. - Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы. Педагог көркемсөзді қолданады. Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден | **ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып тұрады. "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлағыңмен ойна! Былай көрсет, | әрекет етуге баулу. **"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу. Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді. - Балалар, бұл не? - Бұл кірпі. Жарайсыңдар! Д. Ахметова "Кірпі". Кірпі, сен қайдан келесің? Қандай қоректі іздейсің? Пысылдайсың, пысылдайсың, Тоқтамайсың, тоқтамайсың. | қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інінің" орнын белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды. - Тышқандай қалай ойнайды? Көрсетейікші. Тамаша! - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келгенде тышқандар інге жүгіріп, барлығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруді жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері. | сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысыққа!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы жолды йтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығады.<br>Балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескеру керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | Былай көрсет,<br>Сұр құлағыңмен ойна!<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | - Қанекей, балалар, мына жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды алаңның әртүрлі бағыттарына асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | тығылып қалады<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтарда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірге ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | Балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп атуларын, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. | | | Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын ғана жүрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүру қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Түскі ас** | **"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақтанғанда, сусын ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>**Көркемсөз.**<br>Сабынымды аламын, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған жақындап барып, орындықта дұрыс отыру керектігін ескертеді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай жасау.<br>Көркемсөз оқу: "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті). **(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Тақпақ. "Қанатымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан төсеке түсіреді.<br>**Төсектің қасынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Екі аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолды еркін ұстау.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, денені ысқылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әртүрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақты асықпай шайнап, шашпай-төкпей жеуге тәрбиелеу. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолдануды үйрету. "Қонжық тамақтануды қалай үйренді?" ойын жағдаяты. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Көліктегі аңдар". Мақсат-міндеттері. Балаларды сенсорикалық нысандардың түсі мен пішінінде айырмашылықтар бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратып, салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетіспейтін бөлшектермен | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; көжек туралы тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; жабайы табиғат туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың көжек туралы тақпақ арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және еске сақтауын дамыту. **"Көжекке не береміз?" жаттығуы.** | **"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Үйшікке қандай кейіпкерлер келді?"** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тиин". Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің ерекшелігі туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; балаларға тиінді сыртынан бақылату. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** **"Тиінге жаңғақ сыйлайық"** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісі туралы түсінік беру; түс пен пішінді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толтыруға дағдыландыру; салыстыру және құрастыру барысында тапсырмаларды сөздік нұсқама не үлгі нысанына сүйеніп, орындауға жаттықтыру.<br>**"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірігіп ойын ойнауды үйрету.<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге және тізеге ақырын соққылау)<br>Томпаң-томпаң | Мақсат-міндеттері. Диалог құрып сөйлеуді дамыту.<br><br>**Ойын-имитация. "Кірпіжан".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан | **дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Үйшік" ертегісінің желісі жөнінде білімдерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылықты ояту.<br>Құралдар: "Үйшік" кейіпкерлерінің жеке суреттері (кескіндері), үйшіктің суреті.<br>Педагог "Үйшік" ертегісінің және басқа ертегілердің кейіпкерлерін қатарға салып береді, балалар ертегінің кейіпкерлерін танып, кезек-кезек атап жатады.<br>**(көркем әдебиет)** | **шығармашылық рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері. Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету.<br><br>**"Балық аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көз мөлшерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әр балықтың денесінде кез келген | қабылдау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Қонжық әні" рефлексиясы. (музыка)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыстарды бірігіп айтуды үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Тиін".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен таныстыру, оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау)<br>Бізді көрсе қашады.<br>(саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Нені іздеп аларсың?<br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қорек іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып, жеймін.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | талпындыру; тиінді (бақта болса) балаларға сыртынан бақылату.<br>**"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қ. Баянбаев "Тырналар".**<br>Аспанда самғайды<br>Тырналар тізіліп.<br>Біреуі қалмайды<br>Қатардан үзіліп.<br>Сақтайды сапарда<br>Бірлікті кім мұндай?!<br>Бұзылмас қатары<br>Кәдімгі шынжырдай. | **Д. Ахметова "Топ-топ".**<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп. | **С. Бегалин "Қазым".**<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас, | **"Сәбіздер" ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Ермексаздан кесектерді үзіп алу, бағандарды есу амалдарын игерту. | **С. Сәрсенов "Кірпі".**<br><br>Үсті ине тізілген,<br><br>Қолмен ұстауға болмайды.<br><br>Сабағынан үзілген<br><br>Ошағаннан аумайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Арпа менен бидай шаш. | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: түймені түймелеу іскерліктерін қалыптастыруды жалғастыру; гольфі мен шұлықты аяқтың ұшынан бастап киюді үйрету; мәдениетті түрде көмек сұрауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылауды жалғастыру. (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету. *Д. Ахметова "Құстар, құстар, келіңдер".* Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын балаларға көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табанымы кірлеп | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. - Қараңдаршы, балалар, бұл не? - Ағаштарда жапырақтар бар ма? - Жапырақтар қайда? Педагог көркемсөзді | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жемді шоқып,<br>тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, | қалады. Абайлаңдар!<br>Құрғақ жермен жүрейік.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу | оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар!Бізге қоян келді.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдатады.<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Ол сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. | қолданады.<br>М. Әлімбаев "Жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>- Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады?<br>- Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді.<br>- Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан | қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздергді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, қолдарыңды жайып маған қарай жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын | әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды.<br>- Тышқандар жүгіріп ойнай ма? Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келсе, | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып тұрады. "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. | түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу.<br>Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі. | тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сигналмен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інінің" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға біраз<br>қайталатады.<br>Балалар бір жаққа<br>ауысып кеткенде,<br>педагог қарама-<br>қарсы жерге барып,<br>ойынды тағы бір рет<br>жүргізеді.<br>Балалардың бір-<br>біріне соғылмауын<br>қадағалау керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>- Қазым, қазым,<br>қалқылда,<br>Көлде жүзіп<br>салқында.<br>Жем шашайын -<br>жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің<br>бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті<br>болмайды ас,<br>Арпа менен бидай<br>шаш.<br>**"Тегіс жолмен** | тышқандар індеріне<br>тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар,<br>орындарымызға<br>барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді<br>қолданады.<br>Тышқандар інге<br>сыймайды,<br>Тесіктерден<br>сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса<br>олар<br>Аулаға шығып<br>ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br>Жақындайды<br>мысыққа!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы жолды<br>йтқанда педагог<br>ойыншық мысықты<br>қолға ұстап шығады. | Шақырылған қоян<br>ортаға шығып,<br>қимылдарды<br>жасайды (педагог<br>үлгіні көрсете алады),<br>балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлағыңмен<br>ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлағыңмен<br>ойна!<br>**"Допты қағып ал"<br>қимылды жаттығуы.<br>(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды допты екі<br>қолмен ұстауға<br>жаттықтыру; тепе-<br>теңдікті сақтауға,<br>ептілікке баулу. | Жарайсыңдар!<br>Д. Ахметова "Кірпі".<br>Кірпі, сен қайдан<br>келесің?<br>Қандай қоректі<br>іздейсің?<br>Пысылдайсың,<br>пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың,<br>тоқтамайсың.<br>- Қанекей, балалар,<br>мына жолдармен<br>кірпі сияқты асықпай<br>жүгірейік.<br>Педагог балаларды<br>алаңның әртүрлі<br>бағыттарына<br>асықтырмай<br>жүгіртеді.<br>**"Аюдың<br>орманында"<br>қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бір-<br>біріне қақтығысып<br>қалмай, аяқтарды | - Тышқандай қалай<br>ойнайды?<br>Көрсетейікші.<br>Тамаша!<br>- Балалар,<br>тышқандар<br>мысықтан қорқады.<br>Мысық келгенде<br>тышқандар інге<br>жүгіріп, барлығы<br>тығылып қалады<br>- Қанекей, балалар,<br>орындарымызға<br>барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді<br>қолданады.<br>Тышқандар інге<br>сыймайды,<br>Тесіктерден<br>сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса<br>олар<br>Аулаға шығып<br>ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау.<br>Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге ойнауды, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | Балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескеру керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп атуларын, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. | | кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтарда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын ғана жүрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүру қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау және<br>басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Үйшік" ертегісінің саусақ театры.**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ертегілер әлеміне қызығушылығын арттыру; көркемсөз үлгілерін естіп, қайталауға бейімдеу.<br>Дайындық жұмысы: "Үйшік" ертегісін оқу, ертегіні қою, "Үйшікте қай аңдар тұрады?" дидактикалық ойыны, "Аңның" дене мүшелерін ата, үстел үсті театры «Үйшік», құрылыс материалдарынан үй құрастыру.<br>Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Ән салу жаттығулары: аңдар туралы ән салуға шақыру. **(музыка)**<br>**"Кірпі" музыкалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды музыка және сөздер ырғағына сай, мәтіндегі сөздердің мәніне сай қимылдауға, тақпақ сөздерін қайталауға машықтандыру.<br>1.<br>Тікен, тікен түрпі,<br>Болыпты бір кірпі, (Иә-иә-иә.)<br>Өте қысқа қолы - (Хлоп, хлоп, хлоп.)<br>Ине толған жоны - (Топ, топ, топ.)<br>Секіруді білмепті,<br>Өзі тіпті күлмепті | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мінезі өте салмақты,<br>Шапалақтай алмапты<br>Тек мұрнымен үнемі,<br>Пырс-пырс етіп жүреді.<br>2.<br>Орманға кеп қояндар, (Иә-иә-иә.)<br>Секіруді үйретті - (Иә-иә-иә.)<br>Созып қысқа қолдарын<br>Шапалақтап ойнатты - (Хлоп, хлоп, хлоп.)<br>Әттең, бірақ кірпілер,<br>Пысылдауын қоймапты. (Пырс-пырс-пырс.)<br>Өнер бұрышында жабайы аңдардың суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық дағдылар)**<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". |

Тексерген Конопьянова А.К.: